

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»

Қызылорда ашық  
университетінің ректоры

*Бисенов*

К.А.Бисенов

« 28 »

2023

2023 жыл



## ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2023 ж.

## 1. Жалпы ережелер

1.1. «Қызылорда ашық университетінің» (бұдан әрі - Университет) жатақханасының негізгі мақсаты басқа елді мекендерден келген білім алушыларды тұрғын жаймен уақытша қамтамасыз ету болып табылады.

1.2. Жатақхана өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңын, Университеттің Жарғысын, осы Ережені, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын және басқа да тұрғын үй қатынастарын реттейтін нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жүзеге асырады.

1.3. Бұл Ереже жатақханаға тұратын тұрғындарды орналастыру және тұру тәртібін реттейді.

## 2. Жатақханаға орналасу және пайдалану тәртібі

2.1. Білім алушыларды университет жатақханаларына орналастыру үшін білім алушыларға қатысты - жатақханаға орналастыру бойынша комиссиясы жеке дара құрылады.

2.2. Жатақханаға орналасу үшін өтініш білдірген білім алушылардың өтініштері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қаралады.

2.3. Жатақханаға жолдама алу үшін ректордың атына жатақханадан орын алу туралы өтініш беріледі. Өтінішке өтініш иесінің жеке куәлік көшірмесі, аттарында тіркелген жылжымайтын мүлік бар/жоқтығы туралы анықтама және отбасылы болған жағдайда онымен бірге тұратын отбасы құрамының жеке куәлік көшірмелері қосымша тіркеледі.

2.4. Өтініш берушілердің құжаттары университеттің құжаттармен қамтамасыз ету бөлімі арқылы тиісті комиссияға жолданады. Комиссия шешімімен жатақханаға орналасуға жолдама беріледі.

2.5. Жолдама негізінде білім алушылар мен Қызылорда ашық университетінің жатақханасында тұру туралы келісім-шарт жасалады.

2.6. Бөлмеге орналасуды тәрбие және мәдени көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің әдіскері және студенттік кеңес қамтамасыз етеді.

2.7. Білім алушыларды жатақханаға тіркеу Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ішкі істер органдары белгіленген тәртіпшен жүргізіледі. Тіркеуге паспортист-құжатшы қызметкер жауапты. Жатақханаға орналасқан тұрғындар 3 (үш) күннен кешіктірмей жатақхананың паспортист-құжатшы қызметкеріне барып тіркеуден өтуі тиіс.

2.9. Жатақхана тұрғындарына типтік ережелерге сәйкес тиісті тұтыну құрал-жабдықтары қолданысқа беріледі.

2.10. Жатақхана тұрғындары қауіпсіздік техникасының жайттарымен, электр-тұрмыстық құралдарды қолдану туралы нұсқаулармен, университет жатақханасының ережесімен жатақхана әкімшілігімен таныстырылады.

## 3. Жатақхана әкімшілігінің міндеттері

3.1. Жатақхана әкімшілігі (тәрбиеші, комендант және т.б.) міндетті:

- жатақхана бөлмелерін белгіленген санитарлық талаптар мен ережелерге сай ұстауды қамтамасыз етуге;

- жатақхананы қажетті жиһаздар, қондырғылар және басқа да мүліктермен жабдықтауға атсалысуға;

- жатақханада және ондағы мүліктерді жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізуге;
- жатақхана тұрғындарына арналған коммуналдық-тұрмыстық қызметтердің, мәдени іс-шаралардың белгілі бір тәртіппен жүргізілуін бақылауға;
- тұрғындар үшін өзіне қызмет көрсету, еңбек тұрмыс пен демалыс жағдайларын жақсарту мәселелерінде өзін-өзі басқаруды дамыту үшін студенттік кеңеске көмек беруге;
- жатақханада баспаналық-тұрмыстық жағдайларды жақсартуға байланысты іс-шараларды жүзеге асыруға, сонымен қатар жатақхананы ұстау жөніндегі ескертулерді, тұрғындардың баспаналық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту туралы ұсыныстарын ескеруге.

3.2. Университеттің шаруашылық жұмыстар бөлімі бойынша жатақханаларды күтіп ұстау және жөндеу талаптары мен ережелеріне сәйкес төмендегі міндеттер жүктеледі:

- жатақхана мен ондағы құрал-жабдықтарға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын уақытылы жасап тұру, санитарлық-техникалық және өзге де қондырғыларды алдын ала тексеруден өткізу және олардың үздіксіз жұмыс жасап тұруын қамтамасыз ету;
- көпшілік пайдалану орындарының қажетті деңгейде болуын қамтамасыз ету;
- жатақхананы, ондағы санитарлық-техникалық және өзге де қондырғыларды қысқы жылыту мерзіміне алдын-ала дайындау;

#### 4. Жатақхана тұрғындарының құқықтары мен міндеттері

4.1. Жатақхана тұрғындарының құқықтары:

- Жатақханада тұру туралы келісім-шарттың мерзімі біткенше белгілі бір бөлмеде тұруға;
- Оқуға және мәдени-тұрмыстық қажетке арналған бөлмелерді пайдалануға;
- Жатақхана студенттік кеңесіне сайлап, өзінің де сайлануына;
- Тұрғындардың тұрмыстық-баспаналық жағдайларын көтеру, тәрбие жұмысы мен демалысты ұйымдастыру, жатын бөлмелер мен сабаққа дайындалатын бөлмелерді жабдықтау және безендіру мәселелерін жатақхананың кеңесімен бірлесіп шешуге;
- Жатақхана әкімшілігімен алдын-ала келісіп ата-анасы, туыстары келген жағдайда тиісті құжаттармен демалыс бөлмесінде жүздесуге.

4.2. Жатақханада тұрушылар міндетті:

- Жатақханада тұру туралы келісім-шартты, университеттің ішкі тәртіп Ережесін және жатақхана Ережесінің талаптарын сақтауға;
- Тұрғын бөлмені тікелей мақсатта пайдалануға және таза ұстауға;
- Тұрғын бөлмеге, жатақхананың санитарлық-техникалық және басқа да мүлкіне ұқыпты қарауға;
- Қауіпсіздік техникасын, санитарлық-гигиеналық тәртіпті, жатын бөлмелерді пайдалану, өрт қауіпсіздігі, өзге де құрал-жабдықтарды пайдалану ережелерін орындауға;
- Бөлмелер мен көпшілік пайдалану орындарында тазалық сақтауға;
- Тұрғындар жатақханаға жазғы және көктемгі маусым аралығында сағат 23.00-ге дейін, қысқы мезгілде 22.00-кіруге міндетті;
- Тұрғын бөлмелердегі бір заттың бұзылғандығын байқаған жағдайда оны жатақхана әкімшілігіне хабарлауға;
- Жатақханада тұру уақытында университетке келтірілген материалдық шығынды өз еркімен өтеуге;
- Жатақхана комендантының рұқсатымен тұрғын, бөлме мүліктерін сапасы жақсысына ауыстыруға;
- Су, электр жарығы мен жылууды үнемдеп қолдануға;

- Баспаналық төлем ақыны, тұрғындардың қалауы бойынша ұсынылатын өзге де қызметтер мен коммуналдық қызметтер үшін ақыны уақытылы төлеп тұруға;
- Жатақхананың рұқсатнамалық тәртібін орындауға, бөлмесінің қосымша кілтін әкімшілік өкіліне тапсыруға;
- Тұрғындар өзіне тиесілі бағалы заттарына мұқият қарап, жоғалмауына жауапты;
- Жатақхана әкімшілігінің талаптарын орындауға;
- Жатақханадан шыққан жағдайда өзінің атына жазылған барлық құрал-жабдықтарды тапсыруға;
- Жатақханада өткізілетін тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарына белсене қатысуға;
- Белгіленген күндер аралығында жатақхананың әрбір тұрғыны сенбілікке шығуға;
- Күзетшіге рұқсат қағазын көрсетуге;
- Жазғы және көктемгі маусым аралығында сағат 23.00-ден кейін, қысқы мезгілде 22.00-ден кейін жатақхананың басқа тұрғындарының бөлмесіне кірмеуге және радиоқабылдағыш, магнитофон, теледидар дауысын бөлмеден тысқары естілетіндей күшейте қоспауға міндетті;
- Тұрғындар міндетті түрде жатақханаға уақытша тіркелу үшін, жатақхана әкімшілігінің өкілімен бірлесіп жұмыстар жасауға;
- Жолдама алып, бөлменің кілтін алған тұрғын белгілі немесе белгісіз себептермен ұзақ немесе қысқа мерзімге жатақханада болмайтынын алдын ала жатақхана әкімшілігіне ескертіп кетуге;
- Жатақханада қандай да бір оқыс оқиға орын алған жағдайда тұрғындар күзетшіге, жатақхана әкімшілігіне, студенттік кеңес өкіліне, Тәрбие жұмыстары және жастар саясаты бөліміне, институт директоры, эдвайзер-тәлімгерге хабарлауға;
- Жатақхана аумағында құқық бұзушылық әрекеттерге жол бермеуге, университет имиджіне нұқсан келтіретін жайттарды байқаған жағдайда, әлеуметтік желілерде таратпауға және бірінші кезекте жатақхана әкімшілігіне, эдвайзер-тәлімгерлерге, студенттік кеңеске немесе тәрбие жұмыстары және жастар саясаты бөліміне және университеттің ресми сайтындағы ректор блогына хабарлауға.

## **5. Жатақхана тұрып жатқан білім алушыларға тыйым салынатын жағдайлар**

### **5.1. Жатақханада тұрушыларға тыйым салынады:**

- Бөтен біреуге өз рұқсаттамасын беруге және бөгде адамдарды қонуға қалдыруға;
- Жатақханада, бөлмеде спиртті ішімдіктерді ішуге және сақтауға;
- Дәрігердің белгілеуінсіз есірткі заттарын немесе психотропты дәрілерді қабылдауға, есірткі және психотропты дәрілерді сақтауға, таратуға;
- Жатақхана территориясына қару, соның ішінде пневматикалық, зақымдаушы және суық қару әкелуге, сақтауға және қолдануға;
- «Діни іс-әрекеттер мен діни бірлестіктер туралы» заңмен тыйым салынған діни жиналыстар мен іс-шаралар ұйымдастыруға;
- Тұрғын бөлмелері мен ортақ қолданыстағы жерлерде темекі шегуге; терезеден коқыс тастауға;
- Бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетімен ауысуға;
- Электрөткізгіштерді қайта жасауға және жөндеуге;
- Тұрғын бөлмелері мен жалпы қолданыстағы жерлерде қосымша электржылытқыш құралдарын орнатуға;
- Өз бетімен би кештерін, дискотекалар және басқа да көпшілік қатысатын іс-шаралар ұйымдастыруға;

- Бөлме есігіне және ортақ қолданыстағы, арнайы орындардан басқа, жерлерге хабарландырулар, кестелер, суреттердің көшірмесін және т.б жабыстыруға;
- Тұрғын бөлмелердің есігіне өздігінен құлып орнатуға немесе есікте орнатылған құлыптарды ауыстыруға;
- Өз бетімен жиһазды қайта құруға немесе орынын ауыстыруға, қоршаулар жасауға;
- Жатақханада жануарлар ұстауға;
- Төбеге шығуға, шатырға көтерілуге, терезе алды тактайында тұруға және отыруға.

## **6. Жатақханадан шығару тәртібі**

6.1. Білім алушы оқудан шығарылған жағдайда жатақхана тұрғыны жатақханадан шығарылуға жатады.

6.2. Білім алушыларды жатақханадан шығару өз еркімен, студенттік кеңестің шешімі негізінде, әкімшіліктің бастамасымен, тәрбие және мәдени көпшілік жұмыстарды тәрбие жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің әдіскерін хабардар ету арқылы немесе оқу үдерісі аяқталғанда жүзеге асырылады.

6.3. Университет әкімшілігінің бастамасымен шығару негіздері:

- университеттің жатақханасы туралы ережесін, сондай-ақ өзімен жасалған жатақханада тұру туралы шартты бұзған жағдайда;
- жатақханаға орналасқан білім алушының өз өтініші негізінде;
- тұратын бөлмені тікелей мақсатта қолданбаса;
- тұрғын жайды тұрғындар немесе басқа азаматтар бүлдірсе немесе зиян келтірсе;
- 2 ай бойы тұрғын үй ақысын төлемесе;
- көршілердің құқығы мен мүдделеріне үнемі зиянын тигізсе;
- жатақханаға мас күйінде немесе есірткі заттардың әсерінде келсе және есірткі заттарды сақтап, таратса:
- мекен-жай бойынша тіркелмесе;
- жарылғыш, химиялық қауіпті заттар сақтаса;
- ҚР заңнамасында көрсетілген өзге де жағдайларда.

Жатақханадан шығарылу тәртіптік жаза ретінде студенттік кеңес және арнайы тәртіптік жиналыста қарастырылып, хаттамамен рәсімделеді.

6.5. Жатақхана тұрғынын жатақханадан шығару туралы шешім шыққаннан кейін 3 күн ішінде жатақхана тұрғынымен төмендегі әрекеттер жасалады:

- қолхатпен алған жатақхананың мүлкін тапсыруы;
- шығарылу кезінде тұрғын үй ақысы мен өзге де төлемдерді өтеуі;
- бөлмені комендантқа таза, ал мүліктерін сынбаған бүтін күйінде өткізуі, бөлмені жеке заттарынан босатып беруі;
- рұқсат қағаз бен бөлменің кілтін жатақхана комендантына өткізуі.

6.6. Университеттен шығарылғанда (оны бітірген кезде) білім алушы/ еңбек шарты тоқтатылған қызметкер өзі пайдаланған бөлмені келісім-шарт талаптарына сәйкес 3 күнде босатып шығуы керек.

6.7. Тұрғындар университет әкімшілігіне айналым парағын тапсырады. Коменданттың қолын қойдырған қағазды білім алушы студенттік бөлімге өткізуі тиіс.

## **7. Жатақханада тұру ақысы**

7.1. Жатақханада тұру ақысы университет ұсынған қызметтерінің негізінде анықталады;

7.2. Жатақхананы пайдаланғаны үшін төленетін ақы жатақхана тұрғынымен жасалған шартта көрсетілуі тиіс;

7.3. Жатақхананы пайдаланғаны үшін төленетін ақы университет есеп-шотына аударылады.

## **8. Тұрғындар орналастырылатын жатақхананы басқаратын қоғамдық органдар**

8.1. Тұрғындар орналасатын жатақханаларда студенттік кеңесі құрылады және ол өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамаларын, өзге де нормативтік құжаттарды және жатақхана туралы ереже негізінде жүзеге асырады.

8.2. Жатақхананың студенттік кеңесінің өкілдері университет білім алушылар өкілеттілік органдарының құрамына кіреді.

8.3. Жатақхананың әр тұрғын жайында (қабатта) староста сайланады. Қабат старостасы бір қабат тұрғындарының жалпы жиналысында сайланады. Тұрғын жай старосталары қызметтерін атқарғанда университеттің заңдық құжаттарын, студенттік жатақхананың ережесін, жатақхана кеңесі мен университет әкімшілігінің шешімдерін негізге алады.

- тұрғындардың бөлмедегі (қабаттағы) мүліктерге ұқыпты қарауын қадағалайды;
- бөлменің (қабаттың) таза да жиналып тұрғанын қадағалайды;

8.4. Жатақхана Студенттік кеңесінің құрамы жатақхананың жалпы жиналысы мен қабаттар старосталарының жиналысында сайланады.

8.5. Жатақхана Студенттік кеңесі:

- қабаттар мен бөлмелердегі старосталардың қызметтерін реттейді;
- жатақханадағы өз-өзіне қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастырады;
- тұрғындарды жатақхана мен оның төңірегінде қоғамдық пайдалы жұмыстарды (бөлмелерде тазалау мен жөндеу жұмыстарын жүргізу, жиһаздарды жөндеу) атқаруға өз еріктерімен қатысуға жұмылдырады;

- жатақхана әкімшілігіне тұрғындарға берілген материалдық құндылықтардың сақталуын бақылауға көмектеседі;

- тұрғындардың мүддесін қорғайды;
- мәдени, спорттық іс-шараларды ұйымдастырады.

8.6. Жатақхана студенттік кеңесі жатақхана әкімшілігімен бірлесіп тұрғындардың бөлмелерді, ондағы жиһаздарды қабылдап алу шараларын өз құзыреті аясында ұйымдастырады. Бұл жатақханадағы бөлмені жалдау туралы келісімнің қолданыс мерзіміне қатысты болады.

8.7. Жатақхана тұрғындары студенттік кеңеске төмендегідей мәселелерді міндетті түрде ескерту керек:

- әкімшілік бастамасымен бір бөлмеден екінші бөлмеге ауысқан жағдайда;
- тұрғындарға алғыс білдіру және жауапқа тарту шаралары;
- жатақханадағы сабақтан тыс іс-шаралар жоспары.

## **9. Алғыс білдіру және тұрғындардың жауапкершілігі**

9.1. Жатақхананың тұрмыс-тіршілігінде белсенділік танытып, әлеуметтік маңызды бастамаларды өткізуге атсалысқан тұрғындарға университет әкімшілігі тарапынан алғыс жарияланады:

- әр түрлі деңгейдегі мақтау қағазымен марапатталады;
- ынталандыру сыйлықпен марапатталады және т.б.

9.2. Жатақхана мүлкіне нұқсан келтірген тұрғындар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мүлдіктік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

9.3. Осы Ережені бұзғаны үшін тұрғындарға төмендегідей жаза түрлері қолданылады:

-ескерту;

-сөгіс;

-қатаң сөгіс;

-жатақханадан шығару.

9.4. Студенттік жатақхана Ережесін бұзғаны үшін тұрғын жазбаша түсініктеме беруі керек. Одан бас тартқан жағдайға бұл туралы жатақхана кеңесінің екі өкілінің куәгерлігімен акт жасалуы керек.

9.5. Тұрғынға тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданатыны туралы жатақханадағы студенттік кеңестің шешімі жарияланып, ол үш күннен соң жүзеге асырылады. Тұрғынның шешімге келіспеген, бас тартқан жағдайында жатақхана кеңесінің екі мүшесі растайтын акт жасалады.

9.6. Жауапқа тарту орын алған жағдайға байланысты жатақханаға орындарды бөлу жөніндегі комиссия төрағасының хаттамасымен жүзеге асырылады.

#### Келісілді:

Бірінші проректор



К.А.Еримбетов


Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



А.Б.Әлібекова

#### Әзірлеген:

«Тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру» бөлімінің меңгерушісі



Н.К.Саймағанбетов